

Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған аурулардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 434 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4421 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 14 қазандағы N 526 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.10.14 N 526 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы N 430-II және "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі N 170-III Заңдарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған аурулардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің басшылары (келісім бойынша) осы бұйрыққа сәйкес денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторының қызметін бақылауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтің сапасын бақылау комитеті (Ахметов У.И.) денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторының медициналық және дәрігерлік қызметін лицензиялау жүргізу мен көрсетілетін медициналық көмек түрлерінің бар лицензияға сәйкестігі бойынша бақылау функцияларын жүзеге асыру кезінде осы б ұ й р ы қ т ы б а с ш ы л ы қ қ а а л с ы н .

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу ісі департаментінің директоры Б.С.Байсеркин осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаментінің директоры Д.В.Акрачкова осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жіберсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау вице-министрі А.А.Ақановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2006 жылғы»25 қыркүйектегі

№ 434 бұйрығына қосымша

**Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында
емдеуге тыйым салынған аурулардың тізбесі**

1. Карантиндік жұқпалар:

О б а

Т ы р ы с қ а қ

С а р ы қ ы з б а

2. Аса қауіпті жұқпалар:

Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтыру

Жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі

Геморрагиялық вирусты қызбалар

Қырым геморрагиялық қызбасы

Бүйрек функциясының белгілері бар геморрагиялық

қ ы з б а

А л а п е с

Қ ұ т ы р м а

Л е п т о с п и р о з

Л и с т е р и о з

Т у б е р к у л е з

Т у л ы р е м и я

С а р ы п

К ү й д і р г і

Я щ у р

3. Паразиттік аурулар:

Э х и н о к о к к о з

Б е з г е к

4. Ауа-тамшы жұқпалары:

К ү л а у р у ы

К ө к ж ө т е л

Қ ы з а м ы қ

Қ ы з ы л ш а

Эпидемиялық паротит

М е н и н г и т

5. Жіті жұқпалы аурулар:
 - Жіті вирусты гепатит
 - Іш сүзегі мен А, В, С паратифтері
 - Сальмонеллездер
 - Дизентерия
 - Иерсиниоз
 - Риккетсиоздар
 - Вирусты кене энцефалиті
6. Психикалық аурулар
7. Қатерлі ісіктер

8. Онкогематологиялық аурулар